Күнделікті нарыққа шолу

жұма, 06 ақпан 2026 ж.

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 798	-1,23%	15,8%
NASDAQ	22 541	-1,59%	-3,0%
DJIA	48 909	-1,20%	15,4%
CBOE Volatility Index (VIX)	22	16,79%	21,4%
Еуропа			
FTSE 100	10 309	-0,90%	24,8%
DAX	2 086	-0,52%	22,3%
Азия			
Hang Seng	26 885	0,14%	37,0%
Nikkei 225	53 364	-1,71%	33,8%
Shanghai SE	4 076	-0,64%	24,9%
Казақстан			
KASE	7 560	-1,63%	33,1%

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	11 346 554 212 761	-1,0%	-4,6%	9,8%
Consumer Discretionary	6 341 624 606 415	-1,5%	-0,8%	9,5%
Consumer Staples	3 637 558 579 486	-0,5%	9,7%	10,5%
Energy	1 974 191 318 021	-1,1%	10,3%	11,0%
Financials	8 222 315 402 999	-1,5%	-4,7%	4,5%
Industrials	5 232 008 648 728	-0,6%	4,6%	21,8%
Information Technology	18 971 401 167 772	-1,8%	-3,7%	23,4%
Materials	1 193 509 030 924	-2,5%	7,6%	17,9%
Real Estate	1 090 038 698 267	-0,9%	1,2%	-5,0%
Utilities	1 333 694 201 660	0,2%	3,3%	12,4%
Health Care	5 626 540 503 089	0,0%	-1,9%	1,2%

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халык Банк	397	-1%	44,8%
Банк ЦентрКредит	4 714	0%	105,7%
Kcell	3 335	0%	-1,3%
Казатомпром	38 265	-8%	87,1%
КазТрансОйл	953	0%	15,8%
КЕГОК	1 468	0%	-3,5%
Kaspi.kz	38 462	-1%	-29,9%
КазМунайГаз	24 446	-1%	67,1%
Эйр Астана	865	-1%	-24,3%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	492,49	-0,89%	-2,8%
RUB/KZT	6,40	0,00%	0,0%
CNY/RUB	10,68	-0,96%	-2,8%
EUR/USD	1,1775	-0,26%	0,5%

** Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%*

Дереккөз: Refinitiv Eikon

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбі күні қор нарықтары сауда сессиясын төмендеумен аяқтады: S&P 500 индексі 1,23%-ға төмендеп, $6 798,40 деңгейіне түсті; Nasdaq Composite 1,59%-ға төмендеп, $22 540,59 көрсетті; DJI 1,20%-ға арзандап, $48 908,72 деңгейінде қалыптасты. S&P 500 индексінің 11 секторының 9-ында төмендеу байқалды. Ең әлсіз нәтижені Materials (-2,5%), Information Technology (-1,8%) және Consumer Discretionary (-1,5%) секторлары көрсетті. Ал Utilities (+0,2%) және Health Care (+0,01%) секторларында өсім тіркелді.

Технологиялық сектордың перспективаларын қайта бағалауға байланысты жаһандық қор нарықтарындағы құлдырау бейсенбі күні айтарлықтай күшейді. Осы аяда Nasdaq индексі қараша айынан бергі ең төменгі деңгейіне дейін төмендеді. Бұл инвесторлардың жасанды интеллект жобаларына бағытталған компаниялардың ауқымды капиталдық салымдарына және АҚШ еңбек нарығынан келіп түскен әлсіз сигналдарға алаңдаушылығының артқанын көрсетеді. Қысым баламалы активтерге де таралып, бағалы металдар мен криптовалюталардың бағасы қатар төмендеді.

Алаңдататын факторлар еңбек нарығы жөніндегі деректер жарияланғаннан кейін күшейе түсті. Challenger, Gray & Christmas рекрутингтік компаниясының есебіне сәйкес, қаңтар айында АҚШ-та жарияланған қысқартулар саны алдыңғы аймен салыстырғанда 205%-ға өсіп, 108 435 жұмыс орнына жетті. Бұл 2009 жылдан бергі қаңтар айы үшін ең жоғары көрсеткіш. Жылдық есепте жоспарланған жұмыстан босатулар көлемі 118%-ға артты, бұл еңбек нарығының айтарлықтай баяулағанын аңғартады.

Қысқартулардың өсуіне негізгі үлесті көлік секторы қосты. Бұл салада 31 мыңнан астам жұмыс орнының қысқаруы жоспарланған, олардың басым бөлігі United Parcel Service компаниясының 30 мыңға дейін қызметкерді қысқарту және 2026 жылы 24 нысанды жабу туралы шешімімен байланысты. Компания бұл қадамдарды Amazon үшін жеткізу көлемінің азаюымен түсіндірді, бұл логистика мен электронды коммерция салаларындағы іскерлік белсенділіктің бәсеңдеуіне қатысты алаңдаушылықты күшейтті.

Осы жағдай аясында жаңа қызметкерлерді жалдау жоспарлары да әлсіз болып қалды. Қаңтар айында бар болғаны 5 306 жаңа жұмыс орны жарияланды, бұл 2009 жылдан бері тіркелген ең төменгі деңгей.

Криптовалюта нарығы ірі сатылымнан кейін ішінара тұрақтала алды. Бір күн ішінде нарықтық капитализация шамамен 2 трлн долларға қысқарған болатын. Биткоин 2,4%-ға қалпына келіп, $64 642 деңгейіне көтерілді, бұған дейін ол шамамен 5%-ға төмендеп, $60 мың маңындағы минимумға жеткен еді. Эфир де серпіліс көрсетіп, шамамен 3%-ға өсіп, алдыңғы құлдыраудың бір бөлігін өтеді.

Технологиялық секторға қосымша қысымды Amazon компаниясына қатысты жаңалықтар көрсетті. Компания акциялары бейсенбі күні биржадан тыс саудада 11%-дан астамға құлдырады, себебі басшылық ағымдағы жылы капиталдық шығындарды 50%-дан астамға арттыруды жоспарлап отырғанын мәлімдеді. Бұл хабарламалар жасанды интеллект пен инфрақұрылымға бағытталған ірі инвестициялардың тиімділігіне қатысты инвесторлардың алаңдаушылығын күшейтті.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің нашарлауы мен нарықтағы құбылмалылықтың артуы аясында инвесторлар АҚШ-тың ақша-несие саясатына қатысты күтулерін қайта қарастыра бастады. Федералдық резерв жүйесінің алдағы отырысында пайыздық мөлшерлемені төмендету ықтималдығы айтарлықтай өсті, дегенмен негізгі сценарий ретінде мөлшерлемені өзгеріссіз қалдыру әлі де басым болып отыр.

CME Group компаниясының FedWatch құралының деректеріне сәйкес, нарық пайыздық мөлшерлемені 25 базистік тармаққа төмендету ықтималдығын 22,7% деңгейінде бағалап отыр, ал бір күн бұрын бұл көрсеткіш 9,4%-дан аспаған еді. Бұл инвесторлардың экономикалық өсімнің тұрақтылығына қатысты күмәнінің артқанын және жаһандық нарықтардағы белгісіздіктің күшейгенін көрсетеді.







Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз https://t.me/centrassecurities

Біздің сайт: https://cesec.kz/

Байланыс

Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ “Сентрас Секьюритиз” -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ “Сентрас Секьюритиз” тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты “Сентрас Секьюритиз”-тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ “Сентрас Секьюритиз”, оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ “Сентрас Секьюритиз”-тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.